

**Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі N 334 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 7 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1873. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2012 жылғы 22 қарашадағы N 520 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.11.2012 N 520 бұйрығымен.**

"Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ережесі бекітілсін.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім департаменті (Б.С. Әбдірәсілов) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.
3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

	М и н и с т р
	м і н д е т і н а т қ а р у ш ы
"Келісілді"	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы	Білім және ғылым
Сыртқы істер	министрінің
вице-Министрі	2002 жылғы 23 сәуірдегі
	N 334 бұйрығымен

бекітілген

Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарына оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ережені бекіту туралы

**ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарына оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ереже "Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

2. Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының құрылымдық бірліктеріне - дайындық бөлімдеріне оқуға іріктеу және жіберу қазақ диаспорасы өкілдерінің ішінде жалпы білімдік дайындық деңгейін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

## **2. Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарына оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары**

3. Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға іріктеу және жіберуге қатысу құқығына Қазақстан Республикасынан тыс алыс және жақын шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы өкілдері, толық жалпы орта білімі бар тұлғалар ие болады.

4. Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне жастарды іріктеу және жіберу қазақ диаспорасы өкілдерінің арасынан тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеруге мейлінше қабілетті және даярлығы бар жастарды таңдап алу мақсатында жүргізіледі.

Жастарды іріктеуді Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының шетелдегі Елшіліктері мен бірлесіп қолдаумен жүргізеді.

5. Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарына соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға іріктеу тәртібі, шарттары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісімімен мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық және ведомствоаралық Келісімдер болған жағдайда шетелдегі мемлекеттің мектептері және жергілікті білім беруді басқару органдарының ұсыныстары бойынша қазақ диаспорасы өкілдері ішінен үміткерлерді, аттестат баллдарына сәйкес шетелдік мемлекеттің білім беру саласындағы орталық атқарушы органы қарастырады және ұсынылған үміткерлердің тізімін Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі Елшіліктеріне және/немесе Өкілдіктеріне табыс етеді;

жоғарыда атап көрсетілген Келісімдер болмаған жағдайда оларды жасау кезеңіне дейін қазақ диаспорасы өкілдері ішінен үміткерлерді іріктеу Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің шешіміне сәйкес шетелдегі Елшіліктерінің және/немесе Өкілдіктерінің әлеуметтік-экономикалық бағыттар қызметіне жауапты қызметкерлеріне жүктеледі;

2) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі Елшіліктері және/немесе Өкілдіктері ұсынылған үміткерлердің құжаттарын зерделеп, талапкерлерді аттестатты ең жоғары балымен талапкерлерді іріктейді, Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға жіберу үшін конкурсқа қатысуға ұсынылған қазақ диаспорасы өкілдері тізімін жасайды;

3) содан кейін Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі Елшіліктері және/немесе Өкілдіктері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызметі департаменті арқылы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органына Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға жіберу үшін конкурсқа қатысуға ұсынылған қазақ диаспорасы өкілдері тізімін жібереді, аттестаттарының мөр басып куәландырылған көшірмелерін, талапкерлер туралы мәліметтерді (төлқұжаттық және толық тұратын жері туралы) қосып береді.

6. Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға жіберу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы ұсынылған кандидатуралардың тізімін қарап шыққаннан кейін Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға жіберу үшін конкурсқа қатысуға ұсынылған қазақ диаспорасы өкілдері тізімін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітілген тізімге сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызметі департаменті арқылы Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі Елшіліктері және/немесе Өкілдіктеріне Қазақстан Республикасының оқу орындарына, соның ішінде оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқуға жіберу үшін конкурсқа қатысуға ұсынылған қазақ диаспорасы өкілдерінің атына шақыру қағаздарын жібереді.